

Қазақстан халқы Ассамблеясының стратегиясы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының ережесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі N 856 Жарлығы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 7 қыркүйектегі № 149 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.09.07 № 149 Жарлығымен.

Ескерту. Тақырыпқа, кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2007 жылғы 26 шілдедегі N 370 Жарлығымен.

Ескерту. Тақырыптағы және мәтін бойынша "халықтары Ассамблеясының", "халықтарының Ассамблеясы", "халықтары Ассамблеясын" деген сөздер тиісінше "халқы Ассамблеясының", "халқының Ассамблеясы", "халқы Ассамблеясын" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Президентінің 2007 жылғы 26 шілдедегі N 370 Жарлығымен.

Қазақстан халқының бірлігін, қоғамдағы тұрлаулылық пен келісімді нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін одан әрі көтеру мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан халқы Ассамблеясының 2011 жылға дейінгі стратегиясы ;
- 2) Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы ереже бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2005.04.23. N 1561 жарлығымен.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан халқы Ассамблеясының стратегиясын іске асыру жөнінде тиісті іс-шаралар қолдансын және бұрын қабылданған шешімдерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

3. "Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 1 наурыздағы N 2066 Жарлығының және "Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 1 наурыздағы N 2066 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 3 қазандағы N 450 Жарлығының күші жойылсын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2002 жылғы 26 сәуірдегі
N 856 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ОРТА МЕРЗІМДІ КЕЗЕҢГЕ АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯСЫ (2011 жылға дейін) Астана, 2002 жыл

1. ПАСПОРТЫ

Атауы Қазақстан халқы Ассамблеясының орта мерзімді кезеңге арналған стратегиясы
(2011 жылға дейін)

Әзірлеу үшін негіз Мемлекет басшысының Қазақстан халқы Ассамблеясының VIII сессиясында айтылған тапсырмалары

Негізгі әзірлеушілер Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмыс органы, Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі

Негізгі орындаушы Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмыс органы

Іске асыру мерзімі 2002-2011 жылдар

Қаржыландыру көздері Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, халықаралық ұйымдардың қаржы ресурстары, гранттар және Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған басқа да көздер

Ескерту. 1-бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2005.04.23. N 1561 жарлығымен.

2. Қазақстандағы ұлтаралық қатынастардың бүгінгі таңдағы жай-күйін талдау және ұлттық саясат саласында мемлекет назарын талап ететін негізгі проблемалар

Ежелгі қазақ жерінде халықтардың, өркениеттердің, мәдениеттер мен алуан діни сенімдердің бір мемлекетте бейбіт қатар өмір сүруінің бай да бірегей

тәжірибесі жинақталған. Бұл тәжірибе біздің бірлігіміздің түп-тамырын айқындайды және болашағымызды айқынырақ көруге жәрдемдеседі.

Қазақстандағы ішкі саяси жағдай бүгінгі таңда тұтас алғанда тұрлаулылығымен сипатталады. Түрлі этникалық топтар өздері тұратын аймақтардағы ұлтаралық қатынастарды қанағаттанарлық әрі жарасымды деп бағалайды.

Қазақстан қоғамының өзі тәрізді елдегі ұлтаралық қатынастар да соңғы жылдары айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Экономикалық және саяси реформаларды жүргізу барысында жаңа әлеуметтік топтар түзілді, қоғамда ой еркіндігі мен төзімділік орнығу үстінде. Қоғамды демократияландыру Қазақстан халықтарының мәдениеті мен тілдерінің қайта түлеуі және дамуы үшін жағдайды қамтамасыз етті. Бұл даму күллі Қазақстан этностарының азаматтық біртұтастығы негізінде жүріп жатыр, мұның өзі ұлтаралық қатынастардың үйлесімділігіне ықпал етеді.

Сонымен қатар ұлтаралық қатынастардың жай-күйіне кері әсер ететін: өмір сүру деңгейінің төмендегі, жұмыссыздық пен қылмыстың орын алуы, құқықтық мәдениеттің жеткіліксіздігі, этникалық оқшаулану үрдістерінің көріністері сияқты бірқатар объективті факторлар бар.

Бүгінгі әлемде халықтардың өзара қарым-қатынасының қайшылықты процесі жүріп жатыр, олардың арасындағы байланыстар кеңеюде. Сонымен бірге әлемнің жекелеген аймақтарында өзге мәдениет және өркениет өлшемдерін қабылдамау орын алып отыр. Жасампаз ниетті әрі әділдікке ұмтылатын бірде бір жан бұл жағдайды қанағат тұта алмайды.

Соңғы кезде ұлтаралық қатынастардың жай-күйіне әсер ететін мынадай да жаңа сыртқы факторлар пайда болды, бұлар:

этноконфессиялық белгі бойынша геосаяси жікке бөліну ықтималдығы, сондай-ақ бұқаралық сана төзімділігінің төмендеуі;

аймақта әскери-саяси тұрлаусыздық қатерінің туындауы, гуманитарлық апаттардың мүмкіндігі және босқындардың бақылаусыз ағынының пайда болуы;

діни идеяларды жамылған экстремистік, террорлық және радикалдық топтардың құқыққа қайшы әрекеті;

шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары, елдің заңдарын сақтамайтын діни бірлестіктер арқылы тобырлық мәдениет пен қазақстандық ділге жат мінез-құлықтардың таралуы;

трансұлттық қылмыстардың өсуі;

конфессиялар мен этнобағдарлы ұйымдардың саясаттануы.

Аталған факторлар ұлтаралық қатынастардың жай-күйіне тұрлаусыздандырушы ықпал етуі мүмкін. Сондықтан мемлекеттік органдар, Қазақстан халқы Ассамблеясының мынадай проблемаларды шешуде мақсат

көздейтін әрі алдын алу жұмысын жүргізуі қажет:

азаматтық біртұтастық, қазақстандық патриотизм, рухани-мәдени өзара іс-қимыл мен ұлтаралық қатынастардың үйлесімділігі негізінде қазақстандық сәйкестікті қалыптастыру және нығайту;

азаматтық қоғамды кезең-кезеңімен әрі дәйектілікпен демократияландыру, қалыптастыру және дамыту процесіне қоғамның қалың жігін тарту және ж а н д а н д ы р у ;

Қазақстандағы ұлтаралық қатынастардың жай-күйіне сыртқы қатерлер мен әсерлер ы қ п а л ы н ж о ю .

Қазақстан халқының Ассамблеясы құрылған кезеңде оның алдына қойылған міндеттер бүгінгі таңда тұтастай алғанда орындалды. Елде күллі этностардың теңдігі; олардың тілдері мен мәдениетін қайта түлету мен дамыту қамтамасыз етілді. Экономикалық саладағы нарықтық реформалар негізінен аяқталды, саяси жүйені демократияландыру жүргізілді.

Қазіргі уақытта Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғам мен мемлекеттегі орны мен рөліне, біздің ішкі дамуымыздың, сол сияқты сыртқы факторлар әсерінің де нәтижесі болып табылатын міндеттерді шешуге жаңа көзқарас қажет.

Мемлекеттік ауқымды әрі маңызды кез келген мәселені шешу геосаяси даму перспективаларын алдын ала болжауды, мемлекеттің тәуелсіз даму жолының мүддесінде тарихи маңыздылық пен ғылыми негізділікті ескере отырып, айрықша қажырлылық пен табандылықты талап етеді.

Басым бағыттарын айқындай келе, Қазақстан халқының Ассамблеясы өзінің алдына мынандай жауапты мақсаттар мен міндеттер қояды: қайта түлеген мемлекеттілікті нығайту, адам құқықтары мен бостандықтарын, халық пен мемлекет мүдделерін қорғау, өркениетті әлемдік қоғамдастықтың талаптарына жауап беретін дамудың сапалық жаңа деңгейіне өту. Осы мәселелерді шешу жүйелі және алдын ала сипатты болуға тиіс.

Жоғарыда аталған факторларды және қоғамдағы өз рөлінің маңыздылығын ескере отырып Ассамблея мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға белсене қатысуға тиіс. Бұл ретте Ассамблеяның жаңа мақсаттары мен міндеттері мемлекеттің ішкі және сыртқы саясат саласындағы стратегиялық басымдықтарына сәйкес айқындалады және Ассамблеяның әрбір мүшесіне зор жауапкершілік жүктейді.

Бұл қағидат мемлекеттің азаматтық қоғамды жан-жақты нығайту және оның мүшелерін мемлекеттік саясат процесіне бірте-бірте тарту жөніндегі жалпы стратегиясының арнасында өрбиді.

3. Стратегияның мақсаттары мен міндеттері

Қазақстан халқы Ассамблеясының осы стратегиясы оның ұлтаралық қатынастар саласында таяу перспективаға арналған қызметінің базалық және басшы бағдарларының жүйеленген жиынтығы болып табылады және мынадай принциптерде түзілген:

халық пен мемлекет мүдделерінің басымдығы;
заңның үстемдігі және нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатысына, қандай әлеуметтік топқа жататынына қарамастан, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі;

ұлттық мәселені әділ шешудің негізі ретіндегі қоғамдық тұрлаулылық, Қазақстан Республикасының беделін түсіруге бейіл, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясының қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретін іс-әрекеттердің, сөз айту мен пікірлердің алдын алу және болдырмау;

Қазақстан халқының ұлттық мәдениеттерін, тілдері мен салт-дәстүрлерін жан-жақты дамыту;

мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, ұлттық, рулық және діни алауыздықты тұтандыруға, өшпенділік пен араздыққа бағытталған іс-әрекеттің алдын алу;

шет елдерде тұратын отандастарды ана тілін, мәдениеті мен ұлттық салт-дәстүрлерін сақтау мен дамыту, олардың тарихи Отанымен байланысын нығайту мәселелерінде қолдау, Қазақстан азаматтарының құқықтары мен мүдделерін одан тыс жерлерде қорғауға жәрдемдесу;

халықаралық ұйымдармен және шет елдердің азаматтық қоғам институттарымен интеграциялық қатынастарды кеңейту.

Осы стратегияның мақсаты Қазақстан халқы Ассамблеясының "Қазақстан-2030" Стратегиясының міндеттерін іске асырудағы, қоғамдағы тұрлаулылық пен келісімді нығайтудағы және Қазақстан халқын, оның қуатты мемлекеттілігін, ашық азаматтық қоғам қалыптастыру процесіндегі рөлін күшейту болып табылады.

Стратегияның міндеттері:

мемлекеттік тіл мен қазақ халқының мәдениетінің өзекті рөлін арқау ете отырып, азаматтық және рухани-мәдени біртұтастық негізінде Қазақстан этностарын топтастыру жолымен қазақстандық сәйкестікті қалыптастыру;

ұлтаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен өзара тиімді іс-қимылды қамтамасыз ету;

Қазақстанда үйлесімді ұлтаралық қатынастарды қамтамасыз етуде этномәдени бірлестіктердің күш-жігерін біріктіру;

ұлтаралық қатынастар саласындағы келеңсіз үрдістердің алдын алу және ықтимал қатерлерді жою жөніндегі сақтандыру тетіктерінің жүйесін қалыптастыру, этникалық факторды саясаттандыруға жол бермеу;

ұлтаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін жетілдіру және саяси жүйені демократияландыру, қоғамдық дамудың өзекті мәселелерін шешуде оның рөлін арттыру болып табылады.

Аталған міндеттерді шешуді Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің негізгі бағыттарына қоғам мен мемлекеттің дамудың жаңа кезеңіндегі қажеттіліктеріне сәйкес түзетулер енгізу жолымен іске асыру қажет. Бұл ретте ұлтаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында қоғам мен мемлекеттің ұйымдық, санаткерлік және өзге де ресурстарын біріктіру қажет.

Осыған орай, негізгі күш-жігер Қазақстан халқы Ассамблеясының қазіргі құрылымдарының жұмысын түбегейлі жақсартуға және жаңа құрылымдарын түзуге бағытталатын болады.

4. Мемлекеттік ұлттық саясатты қалыптастыру мен іске асыру жөніндегі Ассамблея қызметінің негізгі бағыттары

Мемлекеттік ұлттық саясатты қалыптастыру мен іске асыру жөніндегі Ассамблея қызметінің басым бағыттары мыналар болып айқындалды:

4.1. Қазақстандық сәйкестікті қалыптастыру саласында

Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мен жалпықазақстандық мәдениетті одан әрі дамытуға мынадай міндеттерді шешу арқылы жәрдемдесу:

рухани бірлік, халықтар достығы, ұлтаралық келісім идеяларын қалыптастыру мен тарату, қазақстандық патриотизм сезімін уағыздау;

Қазақстан халқының тарихы мен мәдениеті туралы білімді тарату, тарихи мұраны сақтау және этникалық топтардың ұлттық ерекшелігі мен өзара іс-қимыл дәстүрлерін одан әрі дамыту;

халықтың денсаулығын жақсартудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға қатысу, дәстүрлі отбасылық құндылықтарды насихаттау және отбасы институтын жан-жақты нығайту, бала туу деңгейін көтеруге жағдай жасауға жәрдемдесу;

мемлекеттік қызмет пен қоғамдық-саяси қызметтің неғұрлым маңызды салаларында жұмыс істеуге қабілетті, жалпықазақстандық мемлекеттік сана-сезімі мен ділі қалыптасқан ұлттық кадрлар даярлау жүйесін әзірлеуге қатысу;

ұлттық саясат саласында маманданатын мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруға жәрдемдесу;

мемлекеттік қызметке аз ұлттар өкілдерін тарту.

Негізгі мақсаттары:

мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік функцияларын одан әрі кеңейту мен нығайту негізінде қолайлы әлеуметтік-лингвистикалық орта құру;
орыс тілінің ресми және жалпымәдени функцияларын сақтау және этникалық топтардың тілдерін дамыту;

мемлекеттік тапсырыс тетігін пайдалану арқылы мемлекеттік тілдік бағдарламаларды іске асыруға республикалық және аймақтық ұлттық-мәдени бірлестіктерді тарту болып табылатын бірыңғай мемлекеттік тіл саясатын іске асыруға жәрдемдесу.

Этномәдени білім беру жүйесін түзуді мынадай жолдармен қамтамасыз ету:
орта және жоғары білім жүйесі шеңберінде этномәдени білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысу және оны әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу;
басқа халықтардың мәдениетіне, тарихына, тіліне, әлемдік мәдениет құндылықтарына деген құрмет сезімін тәрбиелеумен қатар әрбір этникалық топтың мәдениеті мен тілін сақтау және дамыту құралы ретінде жексенбілік мектептер мен ұлттық қайта түлеу мектептерінің ұйымдық нысандарын жетілдіру;

этникалық азшылықтардың жинақы тұратын жерлерінде ана тілінде білім беру мекемелерін құруға жәрдемдесу, олардың тілдеріндегі оқу-әдістемелік материалдарды алуға, мерзімді баспасөз бен баспа өнімдерін таратуға, теле- және радио хабарларын жеткізуге көмек беру.

Ұлтаралық өзара іс-қимыл саласында этнодіни факторларды пайдалануға жол бермеуді; этностардың конфессиялық белгі бойынша төзбеушілігі мен жікке бөлінуді болдырмауды:

ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың рухани және эстетикалық маңызға ие діни құндылықтармен өзара байланысын есепке алу, діни бірлестіктердің Қазақстандағы қоғамдық тұрлаулылықты нығайтудағы күш-жігерін қолдау;

халықтың, әсіресе жас ұрпақтың арасында экстремистік діни ағымдардың таралуына қарсы іс-қимыл жөнінде жүйелендірілген ағартушылық жұмыс жүргізу;

діннің біріктіруші бастауларын - Қазақстанды мекендейтін халықтардың имандылық ұмтылыстарының, рухани ізденістерінің, эстетикалық нормаларының ортақтығын пайдалану және насихаттау арқылы қамтамасыз ету.

Ұлттық сәйкестікке және қоғамның тұрлаулылығына қатер төндіретін келеңсіз үрдістердің алдын алу және қарсы іс-қимыл жүйесін қалыптастыруға ықпал ету. Осыған байланысты мынадай шараларды қолға алу:

Ассамблея жанынан ұлтаралық қатынастарды жүйелі әрі мақсатты зерттеу жөніндегі талдау орталығын құру;
тиісті ақпараттық-идеологиялық жұмыс жүргізу;

Ассамблеяның ұлтаралық қатынастар саласындағы келеңсіз үрдістердің алдын алу жөніндегі жұмыста мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылының бірыңғай ұйымдық құрылымын түзу (мемлекеттік органдардың және қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кеңінен қатысатын Ассамблея Кеңесі үлгісінде).

4.2. Қоғамды одан әрі демократияландыруға жәрдемдесу саласында

Ұлтаралық қатынастар саласын реттейтін нормативтік-құқықтық базаны дамытуға Ассамблеяның қатысуын:

ұлтаралық қатынастар саласын реттейтін қоғамдық мәні бар нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сараптама жасау үшін Ассамблея мүшелерін т а р т у ;

ұлтаралық қатынастарға қатысты заң жобаларын, қолданыстағы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарға Үкімет арқылы бастамашылық ету тетіктерін пайдалану арқылы кеңейту.

Қоғамдық бірлестіктерді (ұлттық-мәдени бірлестіктерді, бейүкіметтік ұйымдарды және басқаларды) мемлекеттік ұлттық саясаттың жекелеген бағыттарын іске асыруға ерікті негізде тарту практикасын жалғастыру. Бұл үшін Ассамблея мынадай шараларды іске асыруға ниетті:

мемлекеттік билік органдары мен қоғамдық бірлестіктер арасында сындарлы диалогты жолға қоюға ықпал ету;

қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп мемлекеттік ұлттық саясаттың басымдықтарын ескере отырып, ұлтаралық ынтымақтастықты кеңейтуге және ұлттық мәдениеттерді дамытуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру;

қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп ұлттық саясаттың негізгі бағыттарының іске асырылуын ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыру, Қазақстанды мекендейтін халықтардың тарихы мен мәдениеті туралы білім-білікті таратуға ж ә р д е м д е с у ;

этникалық негіздегі жанжалдардың алдын алу мен шешімін табу бағдарламаларын әзірлеу кезінде отандық және шетелдік тәжірибені ескеру.

Әр түрлі халықаралық ұйымдармен, басқа елдердің мемлекеттік және беймемлекеттік құрылымдарымен ынтымақтастықты:

мемлекет пен этникалық топтардың мәдени дамудағы мүдделерін теңдестіру үшін мемлекет пен елдің азаматтық институттарының шет мемлекеттермен, халықаралық институттармен ұлтаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру мен нығайту;

азаматтық қоғам мен халықаралық ұйымдардың билікке деген сенімін нығайтуға және арттыруға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру; елдегі қоғамдық прогресс пен азаматтық татулыққа ықпал ететін ғылыми-практикалық конференцияларды, семинарлар мен басқа да білім беру мен мәдени іс-шараларды, акцияларды халықаралық ұйымдармен, мемлекеттік органдармен және шетелдердің ұқсас құрылымдарымен бірлесіп өткізу практикасын;

халықаралық ұйымдардың және шет елдердің беймемлекеттік құрылымдарының мүмкіндіктерін ұлтаралық, көші-қон процестерін реттеу мәселелеріндегі жекелеген келеңсіз үрдістердің саясаттануын төмендету және жою үшін пайдалану арқылы тереңдету.

4.3. Ассамблеяны ұлтаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясат институты ретінде жетілдіру саласында

Мемлекеттік ұлттық саясатты іске асырудың маңызды органы ретінде Ассамблеяның қызметін:

мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жүйесін қалыптастыру және олардың ұлтаралық қатынастар мәселелері жөніндегі қызметін Ассамблеяның жұмыс органының үйлестіруі;

Ассамблеяның жұмыс органының Ассамблея сессияларында алға қойылған міндеттерді іске асыру жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бақылауды қамтамасыз етуі;

ұлтаралық қатынастар саласын қозғайтын заң жобаларына қоғамдық-саяси сараптама жүргізуге Ассамблеяның қатысу тетігін талдап жасау арқылы жетілдіру.

Мыналарды:

ұлтаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясат тәжірибесін ғылыми жинақтап-қорытуды жүргізу мен мемлекеттік органдарға ұлтаралық қатынастарды одан әрі үйлестіру жөніндегі практикалық ұсынымдарды тұжырымдау;

ұлтаралық қатынастар саласындағы келеңсіз үрдістердің алдын алу және күнілгері ауыздықтау, қатерлер мен арандатушы идеологиялық ықпалдарға ақпараттық-идеологиялық қарсы іс-қимыл тетіктерін қалыптастыру;

тәуелсіз сарапшылар мен азаматтық қоғам институттарын тарту арқылы ұлтаралық қатынастарға мониторинг ұйымдастыру;

елдің бейүкіметтік ұйымдарын елдегі ұлтаралық қатынастардың жай-күйіне тәуелсіз сараптама жасауға және этностар теңдігін қамтамасыз ету және адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау мәселелері жөнінде

халықаралық ұйымдар үшін ұлттық есептерді дайындауға тарту үшін Ассамблея қызметін сарапшылық-талдау тұрғысынан сүйемелдеуді және Ассамблеяның талдау орталығын құру арқылы ұлтаралық қатынастарды дамытуды қамтамасыз е т у .

Ассамблеяның қызметін ақпараттық және идеологиялық сүйемелдеуді: ұлтаралық қатынастар мәселелері жөніндегі материалдарды, Ассамблеяның және этномәдени бірлестіктердің қызметі туралы ақпаратты, талдау және басқа да материалдарды жариялап отыратын Ассамблеяның мерзімді басылымын тұрақты негізде шығаруды ұйымдастыру;

қазіргі заманғы PR-технологияларды пайдаланудың көмегімен жұртшылық, азаматтық қоғам институттары арасында Ассамблеяның танымалдығы мен беделінің артуына қол жеткізу;

Бүкіл әлемдік Интернет ақпараттық желісінде Ассамблеяның web-сайтын жетілдіру, кіші ассамблеялардың web-сайттарын жасау;

республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге бағытталған қызметті орындау шеңберінде пайдалану жолымен қамтамасыз ету.

Қазақстан халқы Ассамблеясының кіші ассамблеялармен, орталық және жергілікті атқарушы билік органдарымен жоспарлы және дәйекті жұмысын қ а м т а м а с ы з е т у , б ұ л ү ш і н :

Ассамблеяның, оның жұмыс органының қоғамды демократияландыру, тіл саясаты, этномәдени білім беруді дамыту, рухани-мәдени даму және т.б. салалардағы мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруға қатысуы ж ө н і н д е ұ с ы н ы с т а р е н г і з у ;

Мемлекет басшысын хабардар ету үшін ұлтаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік органдардың қызметіне Ассамблеяның жұмыс органының мониторинг жүргізуін қамтамасыз ету;

Ассамблея (Ассамблеяның Кеңесі, жұмыс органы және басқа) органдарының орталық атқарушы органдармен ұлтаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясат мәселелері жөніндегі іс-шараларды іске асыру саласындағы өзара іс-қимылының келісілген жоспарларын әзірлеу (кіші ассамблеялардың жергілікті атқарушы органдармен өзара ұқсас іс-қимылы сәйкес жоспарларын әзірлеу);

бірлескен ведомствоаралық және аймақаралық жұмыс жоспарлары аясында ұлтаралық қатынастардың өзекті мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың жұмысын Ассамблеяның жұмыс органы арқылы үйлестіру;

Ассамблея мен кіші ассамблеялардың, олардың жұмыс органдарының жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар кешенін іске асыру.

Ассамблеяның ұлтаралық өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған іскерлік белсенділігін күшейту әрі осы мақсатта:

ұлтаралық қатынастар саласындағы маман-ғалымдарды, іс-тәжірибесі бар қызметкерлерді, PR-қызметі мамандарын және т.б. жұмысқа тарту есебінен Ассамблея мен кіші ассамблеялардың жұмыс органдарының кадр құрамын нығайту ;

Ассамблеяның мониторинг саласындағы жекелеген ұзақ мерзімді жобаларын, тіл саясатына байланысты бағдарламаларын және қоғамдық маңызы бар басқа да іс-шараларын республикалық бюджет қаражаты есебінен (мемлекеттік тапсырысты орындау шеңберінде) іске асыру тетіктерін әзірлеу;

ұлттық-мәдени бірлестіктердің білім беру, мәдени және қайырымдылық жобаларын іске асыру үшін материалдық және қаржылық негіз жасауға бағытталған іскерлік белсенділігін қолдау.

5. Стратегияны іске асыру тетігі және ресурстық қамтамасыз ету

Стратегияны оның қағидалары негізінде іске асыру мақсатында Ассамблеяның жыл сайынғы іс-қимыл жоспарлары әзірленіп, іске асырылатын болады .

Стратегияны іске асыру жөніндегі нақты іс-шаралар Ассамблеяның жұмыс органы әзірлеп, Ассамблеяның Төрағасы бекітетін жыл сайынғы іс-қимыл жоспарларында айқындалады. Тиісті іс-шаралар жоспарлары кіші ассамблеялар деңгейінде әзірленіп, оларды сол ассамблеялардың төрағалары бекітеді.

Осы стратегияны іске асыру республиканың, облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының бюджет қаражаттары, ұлттық-мәдени бірлестіктердің қаражаттары, халықаралық ұйымдардың қаржы ресурстары, гранттар мен Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа да қаржы көздері есебінен көзделген .

Сонымен қатар осы стратегияны іске асыру аясында Ассамблеяның жекелеген жобаларын қаржыландыруға қатысатын қор құру мүмкіндігін қарау орынды болмақ.

6. Стратегияны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Ассамблея қызметінің аталған негізгі бағыттарын іске асырудың нәтижелері мыналар болуға тиіс :

азаматтық татулық пен келісімді, ішкі саяси тұрлаулылықты қамтамасыз ету саласында :

ұлтаралық қатынастарды үйлестіру негізінде қазақстандық сәйкестікті қалыптастыру, қазақстандық патриотизмді, қазақстандықтардың рухани-мәдени тұтастығын нығайту, жастардың кейінгі әрбір буынының бойында қазақстандық

патриотизмді тәрбиелеу жүйесін құру;
ұлтаралық қатынастар саласындағы мемлекеттің саясатын іске асыруда
мемлекеттік органдардың келісілген жұмысын жүргізу;

Ассамблеяның ұлтаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік мүдделерді
іске асыру жөніндегі жұмысының тиімділігін арттыру;

этномониторинг жүргізу және Ассамблеяның талдау құрылымдары
қызметінің негізінде келеңсіз үрдістер мен қатерлерден сақтандыру мен алдын
ала анықтау жүйесін құру;

ұлтаралық қатынастар мәселелері, экстремизм, төзбеушілік пен радикализм
идеяларының ықпалына қарсы пәрменді іс-қимыл мәселелері жөніндегі
ақпараттық-идеологиялық жұмыстың сапасы мен тиімділігін арттыру;

ұлтаралық қатынастар саласында:

ұлтаралық қатынастарды үйлестіру, Қазақстандағы этностар арасындағы
қарым-қатынастарда төзімділік пен сенімді нығайту;

Қазақстан этностарын мемлекеттік тіл мен қазақ халқының мәдениеті
айналасында топтастыратын олардың мәдениеттері мен тілдерін одан әрі дамыту,
қазақстандықтардың рухани-мәдени тұтастығын қалыптастыратын жағдайларды
қамтамасыз ету;

мемлекеттік тілді әрбір қазақстандық этнос өкілінің ішкі мәдениетінің
ажырамас тініне айналдыру;

мемлекеттік тіл мен ресми тілді ұлтаралық қатынас құралы ретінде одан әрі
дамытатындай нақты перспективаларына ие болатын көптілділікті қалыптастыру
;

қоғамдық-саяси жүйені демократияландыру және азаматтық қоғамды
қалыптастыру саласында:

Қазақстан халқы Ассамблеясын қоғамды одан әрі демократияландырудың
тиімді құралына айналдыру Ассамблеяның азаматтық қоғам институттарындағы
беделі мен ықпалын өсіру, оның ұлттық-мәдени бірлестіктермен өзара
іс-қимылын нығайту;

азаматтық қоғам институттарын ұлтаралық қатынастар саласындағы маңызды
элеуметтік жобаларды шешуге тарту, азаматтық қоғам институттарын ұлтаралық
қатынастар саласында дамыту;

ұлтаралық қатынастар проблемаларына қатысты келісілген саясат жүргізу
және дүниежүзілік қоғамдастықта Қазақстанның беделін көтеру мақсатында
халықаралық ұйымдармен, мемлекеттік органдармен, шет мемлекеттердің
ұлтаралық қатынастар мәселелері жөніндегі институттарымен ынтымақтастықты
дамыту.

Осы стратегияны іске асырудың түпкі нәтижесі қоғамды демократияландыру,
оны топтастыру, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді, ішкі саяси

тұрлаулылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ "Қазақстан-2030" Стратегиясында алға қойылған міндеттерді орындау негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі мен егемендігін нығайту болуға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 6 с ә у і р д е г і

№ 8 5 6 Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан халқы Ассамблеясы (бұдан әрі - Ассамблея) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы заңды тұлға құрмайтын мекеме болып т а б ы л а д ы .

Ассамблея өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына , заңдарына , Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2007 жылғы 26 шілдедегі № 370 Ж а р л ы ғ ы м е н .

2. Ассамблея өз қызметін мынадай принциптерге негіздейді:
халық пен мемлекет мүдделерінің басымдығы;
жариялылық пен демократия, өз мүшелерінің тең құқылығы мен құрамындағы қызметі үшін дербес жауапкершілігі;
заңдардың үстемдігі, адам мен азаматтың нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатысына, қандай әлеуметтік топқа жататынына қарамастан құқықтары мен б о с т а н д ы қ т а р ы н ы ң т е ң д і г і ;

Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениеттерін, тілдерін және салт-дәстүрлерін жан-жақты дамыту;

халықаралық ұйымдармен, Қазақстанның және шет елдердің азаматтық қоғам институттарымен интеграциялық байланыстарды кеңейту.

3. Ассамблея шешімдері Қазақстан Республикасы Конституциясына және " Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлау шешімдерінен басқа ұсынымдық сипатта болады.

2. Қызметінің мақсаттары, міндеттері мен негізгі бағыттары

4. Ассамблеяның мақсаттары:

ұлттық мәселені әділетті шешудің негізі ретінде қоғамдық тұрлаулылықты
н ы ғ а й т у ;

мемлекеттік тіл мен қазақ халқы мәдениетінің өзекті топтастырушы рөлін
арқау ете отырып, Қазақстан этностарын қазақстандық патриотизм, азаматтық
және рухани-мәдени тұтастық негізінде шоғырландыру жолымен қазақстандық
с ә й к е с т і к т і қ а л ы п т а с т ы р у ;

азаматтардың өркениетті әрі демократиялық нормаларға сүйенетін саяси
м ә д е н и е т і н қ а л ы п т а с т ы р у ;

Қазақстан Республикасының беделін түсіруі ықтимал іс-әрекеттердің, сөз
сөйлеу мен пікір айтудың алдын алу және болдырмау;

этносаралық қатынастарды үйлестіруді қамтамасыз ету, түрлі этностар
өкілдері арасындағы қарым-қатынастарда төзушілік пен сенімді нығайту болып
т а б ы л а д ы .

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы
Президентінің 2005.04.23. N 1561 жарлығымен.

5. Ассамблея қызметі мынадай міндеттерді шешуге бағытталған:

рухани бірлік идеясын қалыптастыру және тарату, халықтар достығы мен
ұлтаралық келісімді нығайту және сақтау;

Ассамблеяның мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен
өзара іс-қимылының бірыңғай жүйесін жасау арқылы ұлтаралық қатынастар
саласындағы келеңсіз үрдістердің алдын алу;

ұлтаралық қатынастар саласындағы ахуалға мониторинг жүргізу және талдау
жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, олардың негізінде қоғамды топтастыруды
қамтамасыз ететін практикалық ұсынымдарды тұжырымдау;

мемлекет жүргізіп отырған ұлт саясатында әр алуан ұлттық мүдделердің
ескерілуін қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

Ассамблея мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін ұлттық-мәдени
бірлестіктердің күш-жігерін біріктіру.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы
Президентінің 2005.04.23. N 1561 жарлығымен.

6. Ассамблея қызметінің негізгі бағыттары:

ұлтаралық қатынастар мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл жасау;

қоғамның рухани, мәдени және әлеуметтік-экономикалық даму тұжырымдамалары мен бағдарламаларының жобаларын әзірлеуге қатысу, оларды мемлекеттік органдарда және жұртшылық арасында талқылауды ұйымдастыру, оларды жүзеге асыруға жәрдемдесу;

ұлт саясаты мәселелері бойынша заң жобаларына қоғамдық-саяси сараптама ж а с а у ғ а қ а т ы с у ;

ұлтаралық қатынастар саласындағы келіспеушіліктер мен дауларды реттеу, жанжалды ахуалдарды шешу жөнінде ұсынымдар тұжырымдау және практикалық шараларды іске асыруға қатысу;

халықаралық ұйымдармен және шет елдердің азаматтық қоғам институттарымен белсенді интеграциялық саясат жүргізу;

ұлттық-мәдени бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау;

ұлтаралық қатынастар, Қазақстан халықтарының мәдениеті мен тілдерін дамыту және қолдау мәселелері бойынша конференциялар мен семинарлар ө т к і з у ;

Қазақстан Республикасында ұлтаралық қатынастардың жай-күйіне м о н и т о р и н г ж а с а у ;

ұлтаралық келісім идеяларын, қағидаттарын және нормаларын насихаттау б о л ы п т а б ы л а д ы .

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2005.04.23. N 1561 жарлығымен.

3. Жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі

7. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Ассамблеяның ғұмырлық Төрағасы болып табылады. Ассамблея Төрағасы Ассамблея қызметінің негізгі бағыттарын айқындайды әрі бекітеді. Ассамблея Төрағасының екі орынбасары б о л а д ы .

Ассамблея Төрағасының орынбасарлары Ассамблея Кеңесінің ұсынымы негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен тағайындалады.

8. Ассамблея сессияларын Ассамблеяның Төрағасы шақырады. Ассамблея сессиясының өтетін күні, орны және болжалды күн тәртібі оның жұмысы басталуынан бір ай бұрын жарияланады. Сессия жылына кемінде бір рет ш а қ ы р ы л а д ы .

Ассамблеяның кезектен тыс сессиясын Ассамблея Төрағасы өз бастамашылығы бойынша немесе Ассамблея мүшелері жалпы санының кемінде үштен бірінің өтініші бойынша шақырады және шешім қабылданған күннен

бастап бір ай мерзімде өткізіледі.

Ассамблея сессиясы, егер оның жұмысына Ассамблея мүшелерінің жалпы санынан кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады. Сессия шешімі, егер ол үшін Ассамблеяның қатысып отырған мүшелерінің жартысынан астамы жақтап дауыс берсе, қабылданған болып саналады. Шешім қабылдау кезінде дауыс беру тәсілін Ассамблея сессиясы айқындайды.

А с с а м б л е я с е с с и я с ы :

Қазақстан Республикасы Конституциясына және "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлауға;

Ассамблеяның тұжырымдамалары мен бағдарламалық құжаттарын талқылауға және оларды Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізуге;

Ассамблея мүшелерінің есептерін тыңдауға;

Қазақстан Республикасының Президентіне осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар жасауға;

Ассамблеяның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді қарап, шешуге х а қ ы л ы .

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2007 жылғы 26 шілдедегі N 370 Жарлығымен.

9. Ассамблея сессияларының аралығында жұмыс жүргізу үшін Ассамблея Төрағасының шешімімен Ассамблеяның құрамына кіретін мемлекеттік органдар, ұлттық-мәдени және басқа да қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің қатарынан, кіші ассамблеялар жетекшілерінен Ассамблея Кеңесі құрылады. Ассамблея Төрағасының шешімімен Ассамблея Кеңесінің құрамына Ассамблеяның басқа да мүшелері кіре алады.

Ассамблея Кеңесі Ассамблеяның мақсаттарына қол жеткізу мен міндеттерін шешуге бағытталған неғұрлым маңызды мәселелерді қарайды, соның ішінде Қазақстан Республикасы Конституциясына және»"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар ұсынады. Ассамблея Кеңесінің шешімі, егер ол Ассамблея Кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қабылдағанда, заңды болып табылады.

Ассамблея Кеңесінің шешімі Ассамблеяның жұмыс органы жүргізетін сауалнама жолымен де қабылдануы мүмкін. Ассамблея Кеңесінің отырысын қажеттілікке қарай Ассамблея Төрағасының келісімімен Ассамблея Төрағасының орынбасарлары бірлесіп шақырады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2007 жылғы 26 шілдедегі N 370 Жарлығымен.

10. Ассамблея Төрағасы, Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен Ассамблеяның стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін іске асыру барысында Ассамблеяның мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін Ассамблеяның Үйлестіру кеңесі құрылады, оның функциялары мен өкілеттігін Ассамблея Төрағасы айқындайды.

Ассамблеяның Үйлестіру кеңесінің құрамына Ассамблея Төрағасының орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің басшылары мен өзге де мүшелері, Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты мен Мәжілісінің төрағалары немесе олардың орынбасарлары енгізілуі мүмкін.

11. Ассамблеяның алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін Ассамблея Төрағасы өз шешімімен Ассамблея жанынан басқа да кеңесші органдар мен құрылымдар құра алады.

12. Ассамблеяның жұмыс органы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімі болып табылады.

Ассамблея жұмыс органының негізгі функциялары:

Ассамблеяның қызметін қамтамасыз ету, Ассамблея шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру және бақылау;

ұлттаралық қатынастарды, қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты дамыту және нығайту жөніндегі бірлескен ведомствоаралық және аймақаралық жұмыс жоспарлары шеңберінде мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;

мемлекеттік ұлт саясатының тұжырымдамалық негіздерін, Ассамблеяның тұжырымдамалары мен бағдарламалық құжаттарын әзірлеуге және Қазақстан халқының тілдерін, мәдениетін, тарихи салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын қайта түлету және сақтау бағдарламаларын іске асыруға қатысу;

Ассамблея қызметіне қатысты мәселелер бойынша талдау, ақпараттық және әдістемелік материалдар дайындау, халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар, елдегі қоғамдық прогресс пен азаматтық татулыққа ықпал ететін басқа да іс-шаралар мен акциялар өткізу;

мемлекеттік органдармен және ТМД елдері мен алыс шетелдің ұқсас құрылымдарымен, сондай-ақ қоғамдық және ұлттық-мәдени бірлестіктермен, халықаралық және бейүкіметтік ұйымдармен Қазақстанның тұрлаулы дамуын қамтамасыз етуге және Ассамблеяға жүктелген міндеттерді іске асыруға бағытталған өзара іс-қимылдар жасау;

Ассамблея жанынан құрылған кеңесші органдар мен құрылымдар қызметін ұйымдастыру болып табылады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2005.04.23 N 1561, 2008.04.24 N 576 Жарлықтарымен.

4. Ассамблея құрамына қабылдау және құрамынан шығару, кіші ассамблеялар

13. Ассамблеяның құрамын Ассамблея Төрағасы мемлекеттік органдар, ұлттық-мәдени және басқа да қоғамдық бірлестіктер өкілдері, сондай-ақ қоғамдағы беделін, қоғамдық-саяси белсенділігін ескере отырып, өзге де адамдар қатарынан жасақтайды.

14. Ассамблея мүшелігіне кандидаттар ұлттық-мәдени бірлестіктердің ұсыныстары бойынша кіші ассамблеялардың шешімдерімен ұсынылады, аймақтық және республикалық қоғамдық бірлестіктерден олардың жоғары органдарының шешімдерімен ұсыным жасалады.

Ассамблея мүшелігіне барлық кандидатуралар Ассамблея Кеңесінің отырысында қаралып, оларды Ассамблея Төрағасының орынбасарлары Ассамблея Төрағасының бекітуіне ұсынады. Ассамблея Төрағасы ұсынылған кандидатураларды қабылдамай тастауға және Ассамблеяның құрамына өз қарауынша басқа адамдарды енгізуге хақылы.

15. Ассамблея Төрағасы Ассамблея Төрағасы орынбасарларының немесе кіші ассамблеялар төрағаларының ұсыныстарымен:

өзінің лауазымы бойынша Ассамблеяның құрамына енген Ассамблея мүшесі - мемлекеттік қызметшінің жұмыс орны өзгерген; өзінің лауазымы бойынша Ассамблеяның құрамына енген адам сайланбалы лауазымнан босатылған жағдайда;

өзге де негіздер бойынша Ассамблеяның құрамынан оның кез келген мүшесін шығара алады.

16. Кіші ассамблеялар Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдері жанындағы заңды тұлға құрмайтын мекеме және Ассамблеяның өңірлердегі өкілдіктері болып табылады.

Кіші ассамблеялар өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдары мен Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін, осы Ережені басшылыққа алады және кіші ассамблеялардың төрағалары бекіткен ережелер негізінде іс-қимыл жасайды.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2007 жылғы 26 шілдедегі N 370 Жарлығымен.

17. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері лауазымдары бойынша кіші ассамблеялардың төрағалары болып табылады.

18. Кіші ассамблеяның құрамы жергілікті атқарушы және өкілді органдардың, ұлттық-мәдени және басқа да қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатарынан түзіледі.

19. Кіші ассамблеялардың жұмыс органдары облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері аппараттарының құрамына құрылымдық бөлімшелер ретінде кіретін олардың хатшылықтары болып табылады.

Кіші ассамблея хатшылығының меңгерушісін кіші ассамблеяның төрағасы Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмыс органымен келісім бойынша тағайындайды. Кіші ассамблея хатшылығының меңгерушісі өзінің мәртебесі бойынша кіші ассамблея төрағасының орынбасары болып табылады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 2005.04.23 N 1561 , өзгерту енгізілді - 2008.04.24 N 576 Жарлықтарымен.

5. Ассамблея және кіші ассамблеялар мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

Ескерту. 5-тараудың атауы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 2005.04.23. N 1561 жарлығымен.

20. Ассамблея және кіші ассамблеялар мүшелерінің: Ассамблеяның және кіші ассамблеялардың қарауына шығарылған мәселелерді талқылауға қатысуға; көзқарастар мен ұстанымдар еркіндігіне, Ассамблея және кіші ассамблеялар шешімдер қабылдағаннан кейін де өз пікірін білдіруге; Ассамблея және кіші ассамблеялар құрамынан өз еркімен шығуға құқығы бар.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 2005.04.23. N 1561 жарлығымен.

21. Ассамблея және кіші ассамблеялар мүшелері: елдегі ұлтаралық келісім мен ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуға; өздерінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне және осы Ережеге сәйкес жүзеге асыруға; Ассамблеяның негізгі мақсаты мен міндеттерін өмірге енгізуге белсене қатысуға, оның идеялары мен қызметін насихаттауға; Ассамблея және кіші ассамблеялардың беделі үшін қам жеуге, Қазақстан Республикасының, Ассамблеяның және кіші ассамблеялардың беделіне нұқсан келтіруі ықтимал іс-әрекеттердің алдын алуға және болдырмауға; Ассамблея және кіші ассамблеялардың тапсырмаларын адал орындауға м і н д е т т і .

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2005.04.23. N 1561 жарлығымен.

6. Басқару құрылымы мен қаржыландыру

22. Ассамблеяның жұмысына жалпы басшылықты Ассамблея Төрағасы жүзеге асырады.

23. Ассамблея Төрағасының орынбасарлары оның сессияларының аралығында Ассамблея Кеңесін басқарады, Ассамблея аппаратының жұмысына басшылық жасайды, өкілдік функцияларын жүзеге асырады және Ассамблея Төрағасының жекелеген тапсырмаларын орындайды.

24. Ассамблея қызметін қаржыландыру мемлекеттік бюджет қаражаты, ерікті қайырмалдықтар мен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қаржы көздері есебінен жүзеге асырылады.